



**"Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін акцизделетін жекелеген тауарларға марка жапсырудың тәртібі туралы" нұсқаулықты бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы 1996 жылғы 5 маусымдағы N 132 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 10 маусым N 173 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 471 бұйрығымен.

-----Күші жойылды-----

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қосымшаға сәйкес кейбір нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды  
д е п т а н ы л с ы н . . .

**Министр**

**Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы**

**Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң**

**2 0 0 4 ж ы л ғ ы 3 0 ж е л т о қ с а н д а ғ ы**

**N 471 бұйрығына қосымша**

**Күші жойылған кейбір нормативтік**

**құқықтық актілер тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасы аумағында өндірілетін жекелеген акцизделетін тауарларды таңбалау тәртібі туралы" нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1996 жылғы 5 маусымдағы N 132 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 173 болып тіркелген)...

-----  
"Қазақстан Республикасының аумағында акциздік алым маркаларын енгізу және марка жапсырылуға тиісті акцизделетін тауарларды өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 592 P950592\_ Қаулысының негізінде осы бұйрыққа қоса беріліп отырған " Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін акцизделетін жекелеген тауарларға марка жапсырудың тәртібі туралы" нұсқаулық бекітілсін.

*Министрдің бірінші орынбасары,*

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы*

*Бас салық инспекциясының бастығы*

Б Е К І Т Е М І Н

Қазақстан

Республикасы

Қаржы министрлігі

Бас салық

инспекциясының

бастығы

салық қызметінің

I дәрежелі

мемлекеттік кеңесшісі

**Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін**

**акцизделетін жекелеген тауарларға марка**

**жапсырудың тәртібі туралы**

**УАҚЫТША НҰСҚАУЛЫҚ I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. "Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін акцизделетін жекелеген тауарларға марка жапсырудың тәртібі туралы" осы нұсқаулық (бұдан әрі - нұсқаулық) "Қазақстан Республикасының аумағында акциздік алым маркаларын енгізу және марка жапсырылуға тиісті акцизделетін тауарларды өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 592 Қаулысын орындау мақсатында әзірленді.

1.2. Осы нұсқаулыққа сәйкес акцизделетін жекелеген тауарларға марка жапсырудың тәртібін сақтау осы тауарлардың еркін айналыста жүруінің шарты болып табылады.

Марка жапсыруға тиісті тауарлардың тізбесі N 1 қосымшада келтірілген.

1.3. Осы нұсқаулықтың 1.2-тармағында көрсетілген тауарларға акциздік алым маркасы жапсырылуға тиіс.

Маркалардың үлгілері N 2 қосымшада келтірілген.

1.4. Акциздік алым маркаларының құны оларды дайындау мен акцизделетін өнім өндірушіге жеткізіп беруді ескере отырып айқындалады.

1.5 Акцизделетін тауарларды өндірушілер осы тауарларға марка жапсыру үшін жауапты болады.

1.6. Акциздік алым маркаларын өнім өндірушілерге салық органдары сатып, осы Нұсқаулықта белгіленген тәртіппен сатып алынған маркалардың пайдалануын бақылап отырады.

1.7. Өнім өндіруші сатып алған маркалар, салық органдарына қайтаруды қоспағанда, қайта сатуға, басқа біреуге немесе басқаша жолмен өзге адамдарға шеттетуге жатпайды.

**II. АКЦИЗДІК АЛЫМ МАРКАЛАРЫН САТЫП АЛУ ТӘРТІБІ**

2.1. Маркаларды өнім өндірушілерге сатуды өнім өндіруші өзінің қызмет аймағында орналасқан облыстық және Алматы қалалық салық инспекциялары жүргізеді.

2.2. Маркаларды сатып алуға арналған ақша қаражатын өнім өндіруші кәсіпорындардың тіркелген жеріндегі салық инспекцияларының шоттарына III "Акциздер" бөлімінің 16 "Бюджеттің кірістері мен шығыстарының сыныптамасы" парасы бойынша енгізіледі.

2.3. Өнім өндірушіден Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау (Мемстандарт) комитеті берген алкогольдік өнімдер өндіру құқығын беретін рұқсат (лицензия) болған жағдайда салық инспекциялары маркаларды шығарылатын өнімнің 110 процентінен аспайтын мөлшерде сатады.

**Ескерту:** 1995 жыл ішінде алкогольдік өнім өндірушілер акциздік маркалар алу үшін салық инспекцияларына шығарылып отырған өнімнің Мемстандарт немесе оның аумақтық органдары берген нормативтік құжаттарға сай келетінін куәландыратын ресми құжат бере алады.

2.4. Өнім өндіруші N 3 қосымшада келтірілген нысан бойынша маркалар сатып алуға арыз береді.

2.5. Маркалар сатып алуға берілген арыз онда келтірілген мәліметтер тексерілгеннен кейін салық органында тіркеліп, оған тіркеу нөмірі беріледі және марка жапсырылуға тиісті акцизделетін тауарлар өндіретін ұйымдардың, кәсіпорындардың есеп жүргізу журналына тиісті жазу жазылады (N 4 қосымша).

2.6. Облыстық салық инспекциялары мен Алматы қалалық салық инспекциясы маркаларды сатудан түскен сома, уақыты, кімге қанша марка сатылғаны туралы Бас салық инспекциясына ай сайын хабарлап тұруға міндетті.

2.7. Өнім өндіруші төлеген ақша қаражаты салық инспекциясының шоттарына нақты келіп түскеннен кейін маркалар сатып алуға берілген арыздардың екі данасында да "Ақшасы келіп түсті" деген белгі қойылып, қол қойып, мөр соғып куәландырылады.

Журналға да осындай белгі жасалып, қаржының төленген күні мен салық органдарының шотына келіп түскен күні көрсетіледі.

2.8. Өнім өндіруші акциздік алым маркаларын сатып алғаны үшін төленген ақша сақтық инспекциясының шоттарына нақты келіп түскен соң салық төлеушінің тіркелген жерінде III "Акциздер" бөлімінің 16 "Бюджеттің кірістері мен шығыстарының сыныптамасы" парасына аударылып, журналдың тиісті бағандарына мәліметтер жазып қойылады (N 4 қосымша).

2.9. Маркалар өнім өндірушінің өкілетті өкіліне төлқұжаты мен өзінің атына берілген сенімхатты көрсеткеннен кейін беріледі.

Маркаларды берген кезде салық органының лауазымды адамы алынған

маркаларға екі дана етіп түбіртек толтырады.

Түбіртектің нысаны N 5 қосымшада келтірілген.

Түбіртектің нөмірі өнім өндірушінің маркалар сатып алуға берген арызының тіркеу нөмірімен бірдей болуы керек.

2.10. Түбіртектің даналары былай бөлінеді:

- бірінші данасы өкілетті өкілге беріледі;

- екінші данасы маркаларды алуға берілген сенімхатпен бірге маркаларды сатып алуға берілген арыздың екінші данасына қоса бекітіліп, сонымен бірге сақталады.

2.11. Маркалар оларға берілген тапсырыс санына қатаң түрде сәйкес беріледі.

2.12. Акциздік маркаларды берген кезде сонымен бір мезгілде нөмірленген құлақшалар да беріледі, олар бұдан былайғы бақылауға қажет болады.

### **III. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ӨНДІРІЛЕТІН АКЦИЗДЕЛЕТІН ТАУАРЛАРҒА МАРКА ЖАПСЫРУ ТӘРТІБІ**

3.1. Марка жапсырудың ережелері мен талаптары.

Арақ-шарап бұйымдарына марка жапсыру тығынының белін бастыра екі шетінен тең қашықтықта марка желімдеу арқылы жүргізіледі.

Маркаларды жапсырған кезде тауардың маркасын зақымдамай алып тастауға мүмкіндік бермейтін желім қолданылуы тиіс.

### **IV. АКЦИЗДІК АЛЫМ МАРКАЛАРЫНЫҢ ЕСЕБІН ЖҮРГІЗУ МЕН САҚТАУ ТӘРТІБІ**

Акциздік маркалар қатаң түрдегі есептеме бланкілері болып табылады. Кәсіпорындардың алған акциздік маркалары бухгалтерлік есепте баланстан тыс N 006 "Қатаң түрдегі есептеме бланкілері" шотында есепке алынады. Бұл шот қолда бар бланкілер, сақтаулы тұрған және есеп беретін болып берілген бланкілердің қозғалысы туралы ақпараттарды зерделеуге арналған.

Акциздік маркалар оларды тасымалдауға жұмсалған шығындарды қоспай, есептік құны бойынша кәсіпорынның қоймасына кіріске алынады.

Салық органдары акциздік маркалардың дайындаушы кәсіпорындарда дұрыс есептен шығарылуына ұдайы бақылау жасауға, ол үшін қолда бар осы бланкілерді ай сайын түгендеп, есептен шығарылған маркалардың санын шишаға құйылып шығарылған өнімнің санымен салыстырып отыруға міндетті.

Пайдасыз болып қалған акциздік маркалар салық инспекциялары қызметкерлерінің қатысуымен акт жасалып, жойылуға тиіс.

Акциздік маркалармен нөмірленген құлақшалардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында кәсіпорындар үшін де салық органдары үшін де арнайы бөлме бөлу немесе оларды отқа жанбайтын жәшіктерде (сейфтерде) сақтау ұсынылады.

Сауда кәсіпорындары мен коммерциялық құрылымдар акциздік маркаларды сатып алып, 1995 жылғы 10 маусымдағы жағдай бойынша өткізілмеген арақ-шарап өнімдерінің қалдығына марка жапсыруға міндетті.

## **V. ПАЙДАЛАНЫЛМАҒАН НЕМЕСЕ ЗАҚЫМДАЛҒАН АКЦИЗДІК АЛЫМ МАРКАЛАРЫН ҚАЙТАРУ**

### **5.1. Өнім өндірушінің пайдаланылмаған акциздік алым маркаларын қайтаруы**

Марка жапсырылуға тиісті акцизделетін тауарлар шығару тоқтатылған жағдайда өнім өндіруші пайдаланылмаған маркалардың барлығын маркаларды сатқан салық органына қайтаруға міндетті.

Осымен бір мезгілде өнім өндіруші салық органына мынадай құжаттар тапсыруға міндетті:

- маркалардың қайтарылу себебі көрсетілген және оларды сатып алған кезде төленген ақша қаражатын қайтару туралы өтініш жасалған жазбалай арыз;
- арызда көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттар;
- маркаларды алу туралы түбіртектің бір данасы;
- өнім өндірушінің маркалар сатып алуға берген арызының бір данасы.

Өнім өндірушінің арызын салық органы қабылдап алып, маркаларды қайтару туралы өнім өндірушінің арызына тиісті белгі соғады.

Арыз қабылдап алынғаннан кейін қайтарылған маркалар мен жоғарыда аталған құжаттардың барлығы Бас салық инспекциясына жіберіледі.

### **5.2. Өнім өндірушінің зақымдалған маркаларды қайтаруы**

Маркаларды тауарларға жапсыру кезінде олар зақымдалған жағдайда өнім өндіруші зақымдалған маркалардың барлығын маркаларды өнім өндірушіге сатқан салық органына ұсынуға міндетті.

Зақымдалған маркалар мынадай ережелерді сақтай отырып, бөлек-бөлек қағаз беттеріне желімделуі тиіс:

- маркалар бүктелген жерлері жазылып, тегіс желімделуі тиіс;
- маркалардың серия нөмірі мен орталық бөлігі анық көрініп тұратындай болып желімделуі тиіс;
- маркалар жыртылып қалған жағдайда оның бөлек бөліктері біріктірілуі тиіс;
- өнім өндіруші кері қайтарған әрбір зақымдалған марканың жалпы аумағы (соның ішінде бөлек бөліктерден жиналғандары да) оның бастапқы мөлшерінің кемінде 60 процентін құрауы тиіс.

Өнім өндіруші салық органына осы Нұсқаулықтың 5.1. тармағында көзделген

құжаттарды ұсынуға міндетті.

Өнім өндірушінің арызын салық органы қабылдап алып, марканың қайтарылғаны туралы өнім өндірушінің арызына тиісті белгі соғады.

Арыз қабылдап алғаннан кейін қайтарылған маркалар мен жоғарыда аталған құжаттардың барлығы Бас салық инспекциясына жіберіледі.

5.3. Пайдаланылмаған немесе зақымдалған маркалар үшін ақша қаражатын өнім өндірушіге маркаларды сатқан салық органы қайтарады.

Өнім өндірушінің қалауы бойынша аталған ақша қаражаты жаңа маркалар үшін төлемақы немесе акциздердің төлемақысы есебіне есептелуі мүмкін.

5.4. Ұсынылған құжаттардың негізінде салық органдары өнім өндірушіге акциздік алым маркаларын сатып алу кезінде төленген ақша қаражатын қайтарып, маркаларды дайындау, сақтау және тасымалдау жөніндегі шығындарды өтеу үшін аталған соманың 10 процентін ұстап қалады.

## ҮІ. АКЦИЗДЕРДІ ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ

6.1. Акциздерді есептеу және төлеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$\frac{A}{u} - \frac{A}{m} = \frac{A}{p} - \frac{A}{m}$$

б ұ л ж е р д е

$A$  - өткізілген өнім үшін алынған акциздердің сомасы.

$A$  - теңгемен төленуге тиісті акциздердің сомасы.

$A$  - маркаларды сатып алу кезінде төленген акциздер сомасының  
м б і р б ө л і г і .

6.2. Осы Нұсқаулықта белгіленген талаптарды сақтамайтын өнім өндірушілер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

## ҮІІ. САУДА ЖЕЛІСІНДЕ АКЦИЗДЕЛЕТІН ТАУАРЛАРҒА МАРКА ЖАПСЫРЫЛУЫН БАҚЫЛАУ

Сауда желісіндегі (бөлшек және көтерме) арақ-шарап бұйымдарында акциздік маркалардың болуын бақылауды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сауда инспекциясы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген арақ-шарап бұйымдары марка жапсырылмай саудаға түскені байқалса, олар алынып тасталады, ал тексеру материалдары заңдармен белгіленген тәртіпте санкциялар қолдану үшін салық органдарына беріледі.

*Қазақстан Республикасы*  
*Қаржы министрлігі Бас салық*  
*басқармасы бастығының орынбасары*

Қазақстан Республикасының  
Аумағында өндірілетін  
акцизделетін жекелеген  
тауарларға марка жапсырудың  
тәртібі туралы Уақытша  
нұсқаулыққа N 1 қосымша

**Марка жапсырылуға тиісті акцизделетін  
тауарлардың тізімі**

рет	і	N	Тауардың	атауы
1.	2	.	Спирттің барлық түрлері	*
			А р а қ	*
3.	Тәтті шараптар, күшейтілген сусындар мен бальзамдар			*
	4 .		Ш а р а п т а р	*
	5 .		К о н ь я к т а р	*
	6 .		А қ қ а й н а р	

\* - соның ішінде қаңылтыр қалбырлар мен "TETRA-PAK" үлгісіндегі қораптарда.

Қазақстан Республикасының  
аумағында өндірілетін  
акцизделетін жекелеген  
тауарларға марка жапсырудың  
тәртібі туралы Уақытша  
нұсқаулыққа N 2 қосымша

**Акциздік алым маркаларының үлгілері**

1. Арақ-шарап өнімдеріне арналған марканың үлгісі

Қазақстан Республикасының  
аумағында өндірілетін  
акцизделетін жекелеген

тауарларға марка жапсырудың  
тәртібі туралы Уақытша  
нұсқаулыққа N 3 қосымша

\_\_\_\_\_ бастығына  
(салық органының атауы)  
тіркеу N \_\_\_\_\_ "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 199\_\_ж.  
(салық органы толтырады)

**Акциздік алым маркаларын сатып алуға  
АРЫЗ**

\_\_\_\_\_ (ұйымның толық атауы, мекен-жайы, банктегі реквизиттері)

акциздік алым маркаларын сатуды сұрайды:

саны \_\_\_\_\_ дана сомасы \_\_\_\_\_ теңге  
(марканың түрі)

саны \_\_\_\_\_ дана сомасы \_\_\_\_\_ теңге  
(марканың түрі)

жалпы сомасы \_\_\_\_\_ теңге  
(жазумен)

Көрсетілген маркалар саны мынадай тауарлар шығару үшін қажет:

\_\_\_\_\_ (тауардың атауы, ыдыстың түрі көрсетілген шишалар саны)

Маркалар сатып алуға арналған ақша қаражаты салық инспекциясының  
\_\_\_\_\_ шотына \_\_\_\_\_ сомасында  
(сомасы жазумен)

199\_\_ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_ N\_\_\_\_\_ төлем құжатымен аударылды.

"Акцизделетін тауарларды маркалау тәртібі туралы" Нұсқаулықтың  
ережелерімен таныстым.

Маркалар қайтаруға болмайтындай жоғалған, ұрланған және т.б.  
жағдайда белгіленген акциз сомасын бюджетке төлеуді міндетіме  
аламын.

Ұйымның басшысы \_\_\_\_\_

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

Қаржының түскені туралы салық  
органының белгісі



Қазақстан Республикасының  
аумағында өндірілетін  
акцизделетін жекелеген  
тауарларға марка жапсырудың  
тәртібі туралы Уақытша

нұсқаулыққа N 4 қосымша

Марка жапсырылуға тиісті акцизделетін тауарлар  
шығаратын ұйымдардың есебін жүргізу журналы

Рет і Ұйым.іМаркалар ітапсырысіМаркалардың іМаркаларыАқшайКепілдік  
N і ның ісатып алуіберілгеніақысы төлен.іүшін тө.іқараісомасы  
іатауы іға беріл.імаркаларыігені жөніндеіленген іжатыібанктің  
і іген тапсыі-----ігі төлем құ.іақша іның іреквизит.  
і ірыстың іТү. іСа.іжатының нөм ісомасы ітүс.ітері  
і ітіркеу ірі іны іірі мен күніі ікен і  
і інөмірі і і і і і күніі  
і імен күні і і і і і і і

Қазақстан Республикасының  
аумағында өндірілетін  
акцизделетін жекелеген  
тауарларға марка жапсырудың  
тәртібі туралы Уақытша  
нұсқаулыққа N 5 қосымша

салық инспекциясы

**Акциздік алым маркаларын алуға арналған  
ТҮБІРТЕК**

Тіркеу N \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 199 ж.  
(салық органы толтырады) Берілді \_\_\_\_\_

(ұйымның толық атауы, мекен-жайы, банктегі реквизиттері)

Акциздік алым маркалары:  
саны \_\_\_\_\_ дана; сомасы \_\_\_\_\_ теңге  
(марканың түрі)

жалпы сомасы \_\_\_\_\_  
(жазұмен)

Маркаларды берген қызметкердің қолы \_\_\_\_\_

Алған \_\_\_\_\_

(қызметі, тегі, аты, әкесінің аты)

Сенімхат N \_\_\_\_\_ " " \_\_\_\_\_ 199 ж.

Төлқұжат сериясы \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_ берген \_\_\_\_\_

Алдым " " \_\_\_\_\_ 199 ж. Қолы \_\_\_\_\_

Салық органының

мөрі

мөрі

Алған ұйымның